Қазақстан Республикасы
"ХИУАЗ ДОСПАНОВА АТЫНДАҒЫ
"АТЫРАУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙЫ"
акционерлік қоғамы

Республика Казахстан
Акционерное общество
"МЕЖДУНАРОДНЫЙ АЭРОПОРТ
АТЫРАУ" ИМЕНИ ХИУАЗ ДОСПАНОВОЙ"

БҰЙРЫҚ

"18" 12 2024 ж № 255

**«Мемлекеттік сатып алуды
бір көзден алу тәсілімен
тікелей шарт жасасу арқылы
жүзеге асыру туралы»**

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434 Заңының (бұдан әрі - заң) 41 – бабының 4 – тармағына сәйкес және Мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № ДЗГЗ-01-ДЗ/12494-И түсіндірме-хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. **«Мемлекеттік сатып алуды нормативтік-құқықтық реттеудегі өзгерістер мен толықтыруларға толық шолу. 2025 жылғы мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің нормалау мен сатып алуды жоспарлаудың өзекті мәселелері. Міндеттемелерді орындау мен бұзушылықтар бойынша тәуекелдерді анықтау және алдын алу жөніндегі практикалық аспектілер.»** тақырыбында семинар/форум/конференцияға қатысу үшін ақы төлеу бойынша Мемлекеттік сатып алуды, тапсырыс берушінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды не жарғылық қызметін орындау мақсатында, олардың рәсімдерінің ұзақтығына, сондай-ақ іс-шараға кідіріссіз қатысу қажеттілігіне байланысты бәсекелес тәсілмен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мүмкін болмауына байланысты ҚҚС-сыз, жалпы сомасы 137 780,00 (бір жүз отыз жеті мың жеті жүз сексен) теңгеге тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен Заңның 39 – бабы 3-тармағының 45-тармақшасын негізге ала отырып жүзеге асыру.

2. Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуге жауапты СЖБ бастығы – Сатанова Айгуль Аманжоловна белгіленсін.

3.Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес – өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары – Кабдуалиева Гульбаршин Калусариевнаға жүктелсін.
Осы бұйрық оған қол қойылған күннен бастап қолданысқа енеді.

Басқарма төрағасы **Е.Керей**

Орындаған: Сатып алу ж/е жабдықтау бөлімінің маманы Д.Досанов

MMXXIV 0000879